

Кіші топ	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі					
Күндері	24.03 - 25.03.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Көктемгі демалыстар				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жө	Байсакалова Ш.Ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы көлбетін тексеру. Әңгімелесу: "Баланы отбасыда дәстүрлі ойындарға үйрету", "Балаға ертегіні қалай оқимыз?"				
Ата-аналармен					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)				Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)				"Гүлдерді бақшаға отырғызайық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу). Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу. Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі гүлдердің бастары), кір қысқаштары. Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету. Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды. балалар тақпақты оқу барысына қосылуы мүмкін.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Балалардың, мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел,кел, тауық, Орын дайын. "Кіс-кіс" мысық, "Кә-кә" күшік, "Шиип-шиип", тауық. Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова

Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	- Бұл кім жанымда тұрған? Кім менімен бірге ойнаған? Бұл менің досым, айналайын! Досымды құшақтайын.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ				Демалыстың ойын-сауық шаралары.	Демалыстың ойын-сауық шаралары.

Серуен				Күнді бақылау. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен бірге топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктей білу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Ауладағы құстарды бақылау. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				

Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)				"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, жаттығуларды қайталауға ынталандыру.	Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау)
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу				"Бұлттар." Бұлттар аспанда ұшты, Жеткізбей ешбір құсты. Қанаттары жоқ болса да, Жаулап алды жер үстін. Д. Ахметова	- Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы отбасыда дәстүрлі ойындарға үйрету", "Балаға ертегіні қалай оқимыз?"				

Тексерген : Бекишева.М.А.